


**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный музыкаль колледж» КМҚК
КГКП «Рудненский музыкальный колледж»
Управления образования Костанайской области**

«Бекітемін»
«Утверждаю»
Қамқоршылық кеңесінің
Төрайымы
Председатель
Попечительского совета
 **И.А. Федорчук**
«б» айдан 2021ж/г..

ЕРЕЖЕ
Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру жөнінде

ПОЛОЖЕНИЕ
по организации работы Попечительского совета

2021 ж/г.

Ереже

Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру жөнінде

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Колледждің Қамқоршылық кеңесі білім беру мекемесінің өзін-өзі басқару органы болып табылады және колледж қызметін қамтамасыз етуге және оның дамуына көмек көрсетуге арналған.

1.2. Қамқоршылық кеңесті құру тәртібі, оның құзыреті және жұмысты ұйымдастыру Білім Министрінің бүйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібінің үлгілік қагидаларында айқындалады 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бүйрығымен бекітілген.

1.3. Қамқоршылық кеңес өз қызметінің жоспарларын, сондай-ақ білім беру мекемесінің құрылтайшылары мен өкілдері Қамқоршылық кеңеске кіретін әлеуметтік серіктестерді әзірлейді, қабылдайды және іске асыруды ұйымдастырады.

1.4. Қамқоршылық кеңестің ерекше құзыретінен тыс шешімдері консультациялық және ұсынымдық сипатта болады.

1.5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауды тек өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

II. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТИҢ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРИ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ

2.1. Қамқоршылық кеңес қызметінің мақсаты: колледжге миссияны іске асыруға, әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізуге, жарғылық функцияларды жүзеге асыруға жәрдемдесу болып табылады;

2.2. Міндеттері:

- оқу орындары мен қоғамдық ұйымдардың, жекелеген азаматтардың оқу-материалдық базасын нығайтуға, деңсаулығын сақтауға, білім алушылардың қабілеттері мен таланттарын дамытуға күш-жігерін біріктіру;
- білім алушылардың оқуы мен тәрбиесіне, еңбегі мен демалуына қолайлышағдайлар жасау;

2.3. Осы Ережеде айқындалған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін Қамқоршылық кеңес мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- тиімді оқытуды ұйымдастыруға, негізгі пәндер бойынша бағдарламалар әзірлеуге көмек көрсетеді, білім алушылардың қабілеттерін дамытуға ықпал етеді;
- колледжді басқаруда жеке және қоғамдық негіздердің үйлесімін қамтамасыз етуге көмектеседі;
- колледждің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және жетілдіруге, оның үй-жайлары мен аумағын абаттандыруға жәрдемдеседі;
- колледждің педагогикалық және басқа да қызметкерлерінің еңбек жағдайларын ұйымдастыруға және жақсартуға, колледж ұжымы және Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің занды құқықтарын қорғауға және іске асыруға ықпал етеді;

- Қамқоршылық кеңестің қаражатын пайдаланудың, оның ішінде оқу-материалдың базаны дамытуға, аз қамтылған отбасылардан шыққан, жетім балалар қатарындағы балаларға көмек көрсетуге, дарынды балаларды қолдау мен ынталандыруға нысандарын, мөлшерлерін және тәртібін айқындайды, сондай-ақ олардың нысаналы пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;
- әлеуметтік-мәдени іс-шараларды: оқу конференцияларын, концерттерді, демалыс кештерін, көрмелерді, спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдеседі;
- білім алушылардың оқу және демалыс, оның ішінде шетелдік мақсатында сапарларын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;
- тәрбие мен білім беру саласында халықаралық ынтымақтастықты орнатуға және дамытуға жәрдемдеседі;
- қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған және Қамқоршылық кеңестің жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін кез келген басқа да қызмет түрлерін жүзеге асырады;

2.4. Қамқоршылық кеңес келесі қағидаттар негізінде әрекет етеді:

- а) мүшеліктің еріктілігі;
- б) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің тәң құқылығы;
- в) басқарманың алқалылығы;
- г) қабылданатын шешімдердің жариялышы.

III. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТІ САЙЛАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰРАМЫ

3.1. Қамқоршылық кеңестің құрамы Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидаттардың жазбаша келісімімен алынған ұсыныстар негізінде қалыптастырылады және ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ бекітеді.

3.2. Қамқоршылық кеңестің құрамына: жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері кіруі мүмкін, жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері, Коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса), әр курстан бір ата-анадан немесе колледж білім алушыларының заңды өкілінен, қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

3.3. Колледж басшысы немесе оның орынбасары оның отырыстарына қатысады.

3.4. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және бір-бірімен және колледж басшысымен жақын туыстық және жекжаттық қатынастарда болмайтын кемінде тоғыз адамды құрайды.

3.5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

3.6. Қамқоршылық кеңестің мүшелері осы білім беру үйимы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

3.7. Қамқоршылық кеңес құрамындағы мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын мүшелердің саны үш адамнан аспайды.

3.8. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

3.9. Мемлекеттік органдардың өкілдерін Қамқоршылық кеңестің тәрағасына сайланбайды және оның міндеттерін атқармайды.

3.10. Қамқоршылық кеңестің тәрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қамқоршылық құрамның құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

3.11. Тәраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және осы Ережеге сәйкес оның қызметін қамтамасыз етеді.

3.12. Қамқоршылық кеңестің хатшысы білім беру үйімі қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

3.13. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізууді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

IV. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТИҢ ӨКІЛЕТТИКТЕРІ

4.1. Колледждің Қамқоршылық кеңесі:

- 1) білім беру үйімдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына, сондай-ақ білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;
- 2) білім беру үйімінің Жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
- 3) білім беру үйімін дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлейді;
- 4) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азаматтардың отбасына орналастыру мәселелері бойынша шараларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 5) білім беру үйімінің қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қарожатын бөлуге қатысады және оны мақсатты жұмсау туралы шешім қабылдайды;
- 6) білім беру үйімінің бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;
- 7) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған білім беру үйімінің жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;
- 8) орта білім беру үйімі басшысының бос лауазымына орналасуға кандидаттармен әңгімелесудің қорытындылары бойынша хаттамалық шешімді келіседі және шығарады;
- 9) білім беру үйімі басшысының білім беру үйімінің қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметтерін сапалы көрсету туралы, қайырымдылық көмекті пайдалану және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азаматтардың отбасына орналастыру бойынша қабылданатын шаралар туралы есептерін тындайды;
- 10) білім беру үйімдары қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

11) білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне берілген жағдайлармен танысады, олармен білім беру ұйымы психологының қатысуымен әнгіме өткізеді;

Колледж қызметкерлері (құрылымдық бөлімшелер) Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат ұсынуға жәрдем көрсетеді.

V. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТИҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

5.1. Қамқоршылық кеңестің отырысын оның тәрағасы өз бастамасы бойынша, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің бастамасы бойынша шақырады.

5.2. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңестің тәрағасы қол қояды және қамқоршылық кеңес жұмыс істейтін қамқоршылық кеңес пен білім беру ұйымының мүшелеріне қажетті материалдармен бірге отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі. Хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны қамтылады. Хабарламаға баяндамашы көрсетіле отырып, отырыстың күн тәртібі, аталған мәселелерді күн тәртібіне енгізу уәждерін көздейтін анықтамалық материалдар, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне отырысқа ұсынылатын қажетті құжаттар қоса беріледі.

5.3. Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу туралы хабарлама алған Қамқоршылық кеңестің мүшесі ол өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің хатшысына өзінің қатысқаны немесе қатыспағаны туралы хабарлайды.

5.4. Қамқоршылық кеңестің тәрағасы шақыру туралы ұсыныс келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің отырысын шақырады.

5.5. Қамқоршылық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің екілдері оның отырыстарына дауыс беру құқығынсыз байқаушы ретінде қатысуға жіберіледі.

5.6. Егер қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырыстары заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не сенімхат бойынша адамға беруіне жол берілмейді.

5.7. Білім беру ұйымы Қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде оны беру құқығынсыз бір дауысқа ие болады.

5.8. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен ашиқ дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қамқоршылық кеңестің тәрағасы, ал ол болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің тәрағасы функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

- 5.9. Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері қол қоюға тиіс.
- 5.10. Хаттама Қамқоршылық кеңестің отырысы өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жіберіледі.
- 5.11. «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ қамқоршылық кеңес қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.
- 5.12. Білім беру ұйымына қайырымдылық көмек ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

VI. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТИҢ ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТУ

- 6.1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:
- 1) «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ бастамасы бойынша;
 - 2) білім беру ұйымын тарату және қайта ұйымдастыру кезінде.
- 6.2. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады:
- 1) жеке бастамасы бойынша;
 - 2) отырыстарда дәлелсіз себептермен қатарынан үш реттен артық болмауы себебімен.